

«Қостанай облысы әкімдігінің
білім басқармасы» мемлекеттік
мекемесі басшысының м.а.



А. Умаров

«Қостанай облысы білім және
ғылым ұйымдары
қызметкерлерінің жергілікті
кәсіптік одағы» қоғамдық
бірлестігінің төрағасы



В. Цымбалюк

«Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ мен «Қостанай
облысы білім және ғылым ұйымдары қызметкерлерінің жергілікті
кәсіптік одағы» ҚБ арасындағы 2024-2026 жылдарға жасалған
әлеуметтік әріптестік туралы
КЕЛІСІМ

Қостанай қаласы

Мазмұны

- 1 тарау. Жалпы ережелер
- 2 тарау. Еңбек шарты
- 3 тарау. Қызметкерлердің кәсіби даярлығы, қайта даярлау мен біліктігін арттыру.
- 4 тарау. Жұмысшылардың босауы және олардың еңбекпен қамтылуына жәрдем көрсету.
- 5 тарау. Жұмыс уақыты және демалыс уақыты
- 6 тарау. Еңбек ақы мен еңбек нормалары
- 7 тарау. Кепілдіктер мен өтемақылар
- 8 тарау. Еңбек пен денсаулықты қорғау
- 9 тарау. Кәсіподақ қызметінің кепілдіктері
- 10 тарау. Кәсіподақтың міндеттемелері
- 11 тарау. Білім беру ұйымдарын басқару, әлеуметтік әріптестіктің тиімділігін арттыру және жастар саясаты
- 12 тарау. Әлеуметтік әріптестікті дамыту және әлеуметтік – еңбек қақтығыстары мен ереуілдерді ескерту мен алдын-алу бойынша Келісім тараптарының іс-әрекетін үйлестіру.
- 13 тарау. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын іске асыруда тараптар ынтымақтастығының негізгі бағыттары.
- 14 тарау. Келісімнің орындалуына бақылау жүргізу. Тараптардың жауапкершілігі.

Келісімге қосымшалар тізімі:

- 1 қосымша. Жеке еңбек дауларын шешу жөніндегі Келісім комиссиясы туралы Ереже.
- 2 қосымша. Жұмыс берушінің актілерін қабылдау және жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу кезінде сайланбалы кәсіподақ органдарының келісімі мен дәлелді пікірін ескеру тәртібі.
- 3 қосымша. Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі.
- 4 қосымша. Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің жұмыс уақыты мен демалыс уақытының режимі туралы Ереже.
- 5 қосымша. Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының ұзақтығы.
- 6 қосымша. Зиянды, қауіпті, ауыр еңбек жағдайларындағы жұмыс үшін берілетін жыл сайынғы қосымша ақылы еңбек демалысына, қосымша төлемге құқықтары бар қызметкерлердің тізімі.

- 7 қосымша. Білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне өсім, қосымша төлемдер мен үстемелер мөлшері.
- 8 қосымша. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің лауазымдық жалақысына үстеме ақы төлеу, материалдық көмек көрсету, сыйақы төлеу ережесі.
- 9 қосымша. Жалпы білім беретін мектептердің, мектепке дейінгі білім беру ұйымдары және қосымша білім беру ұйымдарының басшыларын материалдық ынталандыру туралы ережесі.
- 10 қосымша. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы басшысының, басшы орынбасары мен бас есепшісінің мемлекеттік бюджет және ақылы қызметтер есебінен лауазымдық жалақыларына үстеме ақылар белгілеу туралы ереже.
- 11 қосымша. Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен облыстық білім беру ұйымы басшысының лауазымдық жалақысына үстемеақылар белгілеу туралы ереже.
- 12 қосымша. Мемлекеттік бюджет және ақылы қызметтер есебінен білім бөліміне ведомстволық бағыныстағы басқа ұйымдар басшыларының лауазымдық жалақысына үстемеақылар белгілеу туралы ереже.
- 13 қосымша. Арнайы киім, аяқ киім мен өзге де жеке қорғану құралдарымен тегін қамтамасыз етілетін жұмысшылар лауазымдары мен кәсіптер тізбесі.
- 14 қосымша. Білім және ғылым ұйымдарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі Өндірістік кеңес туралы Ереже.
- 15 қосымша. Білім беру ұйымдарында еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектор туралы Ереже.
- 16 қосымша. Қызметкерлерге тазалағыш және залалсыздандыру заттарын тегін беру нормалары мен оларды тарату шарттары
- 17 қосымша. Сабын, тазалағыш және залалсыздандыру заттарын тегін алу құқығына ие жұмыстар мен кәсіптер тізбесі.
- 18 қосымша. Еңбек қорғау жөніндегі Келісім.
- 19 Жергілікті кәсіподақ мүшелері болып табылмайтын мүшелердің Келісімге, ұжымдық шартқа қосылу тәртібі.

1 тарау

Жалпы ережелер

1.1. «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ (бұдан әрі-Басқарма) мен «Қостанай облысы білім және ғылым ұйымдары қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ (бұдан әрі-Жергілікті кәсіподақ) арасында жасалған әлеуметтік әріптестік туралы осы келісім (бұдан әрі-Келісім) қызметкерлердің еңбек, әлеуметтік –экономикалық құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау, облыстың білім беру ұйымдары жұмыс берушілерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша әлеуметтік әріптестіктің құқықтық акті болып табылады.

1.2. Осы келісім Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің нормаларына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Кәсіподақтар туралы» заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауында көрсетілген міндеттерге, ««Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен жұмысшылардың республикалық бірлестіктері арасындағы бас келісімдердің нормаларына негізделген.

1.3. Келісім мына принциптерге негізделген:

- Қазақстан Республикасының заңнамасын қатаң сақтау;
- тараптардың теңдігі;
- тараптардың өзара жауапкершілігі мен өзара сыйластығы, олардың мүдделеріне барынша ымыраға келу;
- нәтижелерге қызығушылық;
- қызығушылық тудыратын мәселелерді талқылау еркіндігі;
- міндеттемелерді өз еркімен қабылдау;
- лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және жұмысшылар мен жұмыс берушілердің әлеуметтік-экономикалық мүдделерін қорғау, қоғамдағы келісім мен тұрақтылықты сақтау бойынша сындарлы өзара іс-әрекет.

Келісімнің (ұжымдық шарттың) мақсаты ҚР Еңбек кодексінің және басқа да заңнамалық актілердің барлық ережелерін көшіру болып табылмайды, бірақ Жергілікті кәсіподақ мүшелері мен оған қосылған адамдар алдындағы жоғары міндеттемелердің көрінісі болып табылады.

Қызметкерлердің барлық құқықтары ҚР Еңбек Кодексі және басқа да заңнамалық актілер шеңберінде, ал Келісім (ұжымдық шарт) шеңберінде қызметкерлердің жоғары міндеттемелері сақталады.

1.4. Осы Келісім тараптары болып табылады:

- кәсіподақ мүшелері болып табылатын білім және спорт мекемелері мен кәсіпорын қызметкерлері, олардың өкілі тұлғасында «Қостанай облысы

білім және ғылым ұйымдары қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ;

- білім беру ұйымдары (білім мекемелері және кәсіпорындардың басшылары, бұдан әрі-Жұмыс беруші) олардың өкілі тұлғасында-Білім басқармасының басшысы.

1.5. Келісімдегі негізгі түсініктері:

- 1) Азаматтық қызметші –Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген

тәртіппен қазыналық кәсіпорындарда, мемлекеттік мекемелерде ақы төленетін штаттық лауазымды атқаратын және олардың міндеттері мен функцияларын іске асыру, мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру мен олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асратын адам.

- 2) Айлық жалақының ең төменгі мөлшері – біліктілікті қажет етпейтін қарапайым

(онша күрделі емес) еңбек жұмыскері осы Кодексте белгіленген қалыпты жағдайларда және жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы кезінде еңбек міндеттерін орындаған кезде бір айда оған төленетін ақшалай төлемдердің кепілдік берілген ең төмен мөлшері;

3) Арнайы киім – жұмыскерді зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардан қорғауға арналған киім, аяқкиім, бас киім, қолғап, өзге де жеке қорғаныш құралдары;

4) Біліктілік санаты (разряд) – орындалатын жұмыстардың күрделілігін көрсететін, жұмыскердің біліктілігіне қойылатын талаптар деңгейі;

5) Демалыс – жұмыс орны (лауазымы) мен осы Кодексте белгіленген жағдайларда орташа жалақысын сақтай отырып, жұмыскердің жыл сайынғы демалуын қамтамасыз ету немесе әлеуметтік мақсаттар үшін жұмыскерді белгілеу бір кезеңгі жұмыстан босату;

6) Еңбек дауы – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдау келісімдердің, еңбек және (немесе) ұжымдық шарттардың, жұмыс беруші актілерінің талаптарын орындау немесе өзгерту мәселелері бойынша жұмыскер мен жұмыс берушінің (жұмыс берушілердің) арасындағы келіспеушіліктер;

7) Еңбек жағдайлары – еңбек ақы төлеу, еңбекті нормалау, еңбек міндеттерін орындау жұмыс уақыты мен тынығу уақытының режимі жағдайлары, кәсіптерді (лауазымдарды) қоса атқару, қызмет көрсету аймақтарын кеңейту, жұмыста уақытша болмаған жұмыскердің міндеттерін атқару, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, техникалық, өндірістік-тұрмыстық жағдайлар, сондай-ақ тараптардың келісуі бойынша өзге де еңбек жағдайлары;

8) Еңбекке ақы төлеу-осы Кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне, сондай-ақ келісімдерге, еңбек, ұжымдық шарттарға және жұмыс берушінің актілеріне сәйкес жұмыскерге еңбегі үшін берілетін сыйақының міндетті төлемін жұмыс берушінің қамтамасыз етуіне байланысты қатынастар жүйесі.

9) Еңбек қатынастары - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында, келісімдерде, еңбек, ұжымдық шарттарда және жұмыс берушінің актілерінде көзделген құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру кезінде жұмыскер мен жұмыс берушінің арасында туындайтын қатынастар;

10) Еңбек қауіпсіздігі жағдайлары – жұмыскер еңбек міндеттерін орындаған кезде еңбек процесі мен өндірістік ортаның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкестігі;

11) Еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиға – өзінің еңбек (қызметтік) міндеттерін немесе жұмыс берушінің тапсырмаларын орындауы кезінде жұмыскердің өндірістік жарақаттануы, денсаулығының кенеттен нашарлауы немесе улануы салдарынан оның еңбекке қабілеттілігінен уақытша немесе тұрақты айырылуына не қайтыс болуына әкеп соқтырған зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактордың жұмыскерге әсер етуі;

12) Еңбек міндеттері – жұмыскер мен жұмыс берушінің Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде, жұмыс берушінің актісінде, еңбек, ұжымдық шарттарда келісілген міндеттемелері;

13) Еңбек тәртібі – жұмыс беруші мен жұмыскерлердің Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде, сондай-ақ келісімдерде, еңбек, ұжымдық шарттарда, жұмыс берушінің актілерінде, құрылтай құжаттарында белгіленген міндеттемелерді тиісінше орындауы;

14) Еңбек шарты – жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы жазбаша келісім, бұған сәйкес жұмыскер белгілі бір жұмысты (еңбек функциясын) жеке өзі орындауға, еңбек тәртіптемесін сақтауға міндеттенеді, ал жұмыс беруші жұмыскерге келісілген еңбек функциясы бойынша жұмыс беруге, осы Кодексте, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінде, ұжымдық шартта, жұмыс берушінің актілерінде көзделген еңбек жағдайын қамтамасыз етуге, жұмыскерге уақтылы және толық мөлшерде жалақы төлеуге міндеттенеді;

15) Жалақы – жұмыскердің біліктілігіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне, санына, сапасына және жағдайларына қарай еңбек үшін төленетін сыйақы, сондай-ақ өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдер;

16) Жұмыс берушінің актілері – жұмыс беруші шығаратын бұйрықтар, өкімдер, нұсқаулықтар, қағидалар, ережелер, ауысымдық кестелер, вахта кестелері, демалыс кестелері;

17) Жұмыс уақыты – жұмыскер жұмыс берушінің актілеріне және еңбек шартының талаптарына сәйкес еңбек міндеттерін орындайтын уақыт, сондай-ақ осы Кодекске, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне, ұжымдық шартқа, жұмыс берушінің актісіне сәйкес жұмыс уақытына жатқызылған өзге де уақыт кезеңдері;

18) Жұмыс уақытының жиынтық есебі – жұмыс беруші белгілеген есептік кезеңдегі жұмыс уақытын жинақтау жолымен есептелген жұмыс уақытының есебі;

19) Қоса атқарылатын жұмыс – жұмыскердің негізгі жұмысынан бос уақытында еңбек шарты жағдайында тұрақты, ақы төленетін басқа жұмысты орындауы;

20) Өндірістік қажеттілік – дүлей апатты, аварияны болғызбау немесе жою немесе олардың салдарларын дереу жою мақсатында, жазатайым оқиғаларды, бос тұрып қалуды, мүліктің жойылуын немесе бүлінуін болғызбау үшін және басқа да айрықша жағдайларда, сондай-ақ уақытша болмаған жұмыскерді алмастыру үшін жұмыстарды орындау;

21) Өтемақы төлемдері – жұмыстың ерекше режимі мен еңбек жағдайларына, жұмысынан айырылуына, жұмыскерлерге еңбек міндеттерін немесе Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де міндеттерді орындауына байланысты шығындарды өтеуге байланысты ақшалай төлемдер, сондай-ақ жұмыскерлерді немесе еңбек қатынастарында тұрмайтын өзге адамдарды (бұдан әрі – білім алушы) кәсіптік даярлаумен, қайта даярлаумен және біліктілігін арттырумен байланысты төлемдер;

22) Тарифтік мөлшерлеме (айлықақы) – жұмыскердің уақыт бірлігі ішінде белгілі бір күрделіліктегі (біліктіліктегі) еңбек міндеттерін орындағаны үшін еңбегіне ақы төлеудің тіркелген мөлшері;

23) Тәртіптік жаза – тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін жұмыскерге жұмыс берушінің қолданатын тәртіптік ықпал ету шарасы;

24) Тынығу уақыты – жұмыскердің еңбек міндеттерін орындаудан бос және өз қалауы бойынша пайдалана алатын уақыты;

25) Ұжымдық шарт – ұйымдағы әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттейтін, жұмыскерлердің өкілдері арқылы жұмыскерлер мен жұмыс беруші арасында жасалатын жазбаша келісім нысанындағы құқықтық акт;

26) Іссапар – жұмыс берушінің өкімі бойынша жұмыскерді тұрақты жұмыс орнынан тыс жерге белгілі бір мерзімге еңбек міндеттерін орындау үшін жіберу, сондай-ақ жұмыскерді басқа жерге оқуға, біліктілігін арттыруға немесе қайта даярлауға жіберу.

27) педагог – педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам;

28) педагогтік әдеп – педагогтердің Қазақстан Республикасының педагог мәртебесі туралы заңнамасында белгіленген мінез-құлық нормалары;

Педагогтік әдепті бұзу тәртіптік теріс қылық болып табылады және тәртіптік жауаптылыққа алып келеді.

Бұл ретте Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің шешімі ұсынымдық сипатта болады. Білім беру ұйымының басшысы педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңестің ұсынымын қарау кезінде еңбек және өзге де заңнама талаптарына сәйкес шешім қабылдайды.

29) педагогтік әдеп жөніндегі кеңес – білім беру ұйымында құрылатын, педагогтердің педагогтік әдепті сақтау мәселелерін қарайтын алқалы орган;

30) тәлімгерлік – педагогтің орта білім беру ұйымында педагогтің кәсіптік қызметіне алғаш рет кіріскен адамға кәсіптік бейімделуіне практикалық көмек көрсету жөніндегі қызметі.

31) еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі – еңбек шарттарын, жұмыскерлердің еңбек қызметі мен санын есепке алуды автоматтандыруға арналған ақпараттық жүйе;

32) өндірістік-тұрмыстық жағдайлар – жұмыскердің жұмыс орнында, оның ішінде вахталық жұмыс әдісі кезінде болуы үшін қажетті, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен, сондай-ақ тынығу және тамақтану үшін жағдайлармен қамтамасыз етуді қамтитын еңбек жағдайлары;

33) тәртіптік теріс қылық – жұмыскердің өз еңбек міндеттерін құқыққа қарсы, кінәлілікпен орындамауы немесе тиісінше орындамауы, сондай-ақ еңбек тәртібін бұзуы;

34) әлеуметтік әріптестік – жұмыскерлер (жұмыскерлердің өкілдері), жұмыс берушілер (жұмыс берушілердің өкілдері), мемлекеттік органдар арасындағы еңбек қатынастарын және еңбек қатынастарымен тікелей байланысты өзге де қатынастарды, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық қатынастарды реттеу мәселелері бойынша олардың мүдделерін келісуді қамтамасыз етуге бағытталған, тең құқықты ынтымақтастыққа негізделген өзара қатынастар жүйесі;

35) бос тұрып қалу – экономикалық, технологиялық, ұйымдастырушылық, өзге де өндірістік немесе табиғи сипаттағы себептер бойынша жұмыстың уақытша тоқтап тұруы;

36) хабарлама – жұмыскердің немесе жұмыс берушінің жазбаша өтініші не өзге тәсілмен (курьерлік пошта, пошта байланысы, факсимильді

байланыс, электрондық пошта және өзге де ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы) берілген өтініштер;

37) қоғамдық бақылау – қоғамдық бақылау субъектілерінің қоғамдық мониторинг, қоғамдық тыңдау, қоғамдық сараптама және мемлекеттік органның жұмысы нәтижелері туралы есепті тыңдау нысандарында жүзеге асырылатын қоғамдық мүдделерді қорғауға бағытталған қызметі;

38) қоғамдық мониторинг – мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметін қоғамдық бақылау субъектілері тарапынан бақылауды білдіретін қоғамдық бақылау рәсімі;

39) еңбек қатынастарына тікелей байланысты қатынастар – осы Кодексте көзделген жағдайларда еңбекті ұйымдастыру мен басқаруға, жұмысқа орналастыруға, жұмыскерлерді кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және олардың кәсіптік біліктілігін арттыруға, сондай-ақ оны тануға, әлеуметтік әріптестікке, ұжымдық шарттар мен келісімдер жасасуға, еңбек жағдайларын белгілеуге жұмыскерлердің (жұмыскерлер өкілдерінің) қатысуына, еңбек дауларын шешуге және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуын бақылауға байланысты қалыптасатын қатынастар;

40) бірлесіп жұмысқа орналастыру – бір еңбек функциясын (белгілі бір мамандық, кәсіп, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмыс) бір жұмыс берушімен бірлесіп орындау мақсатында бірнеше жұмыскердің жұмыс уақыты ішінде жұмыскерлер жұмыс берушінің және еңбек шартының актілеріне сәйкес еңбек міндеттерін орындаған кездегі еңбек қатынастары;

41) бастауыш кәсіподақ ұйымы – кәсіподақтың тікелей ұйымдағы және осы ұйым қызметкерлері болып табылатын кәсіподақ мүшелерінен тұратын құрылымдық бөлімшесі;

42) кәсіподақ мүшесі – кәсіподақтың құрамына кіруге ерікті түрде ниет білдірген және кірген оның жарғысын мойындайтын және сақтайтын, мүшелік кәсіподақ жарналарын төлейтін жеке тұлға;

1.6. Кәсіподақ мүшесі болып табылмайтын жұмыскерлер өздерінің жазбаша өтініштерімен кәсіподаққа, жұмыс берушімен өзара қарым-қатынаста олардың мүдделерін білдіруге, сондай-ақ облыстың білім беру ұйымдарының ұжымдық шарттарына қосылуға өкілеттік беруге құқылы. Кәсіподақ кәсіподақ мүшесі болып табылмайтын тұлғаларға, олар ай сайын кәсіподақ шотына жалақының 1% аударған жайда ғана қызметкерлердің мүдделерін қорғайды және Келісім ережелерінің қолданылуын таратады. Келісімге, ұжымдық шартқа қосылу тәртібі келісімнің 19-қосымшасында көзделген.

1.7. Осы келісімнің күші:

- Білім басқармасына, білім бөлімдеріне
- бастауыш кәсіподақ ұйымдары құрылған облыстың білім және спорт ұйымдарына,

- Жергілікті кәсіподақ мүшесі болып табылатын облыстың білім және спорт ұйымдарының қызметкерлеріне,
- облыстың білім беру ұйымдарының ұжымдық шартына қосылған қызметкерлерге
- облыстың білім және спорт ұйымдарының қызметкерлерінің жұмыс берушісі болып табылатын басшыларға таратылады.

Келісім күші кәсіподақ мүшесі болып табылмайтын қызметкерлерге және «Қостанай облысы білім және ғылым ұйымдары қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ қосылмаған тұлғаларға қолданылмайды.

1.8. Осы келісімнің негізгі ережелері оларды Кәсіподақтың құрамында енетін ұйымдардың жұмыс берушілері мен қызметкерлер арасында жасалатын ұжымдық шарттарға енгізу үшін міндетті негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен салыстырғанда жұмыскерлердің жағдайын нашарлататын келісімнің, ұжымдық, еңбек шарттарының, жұмыс берушілер актілерінің ережелері жарамсыз деп танылады және қолдануға жатпайды.

Егер ұйымда кәсіподақ құрылған болса, кәсіптік одақтың қатысуынсыз жұмыс беруші мен қызметкерлер арасындағы ұжымдық келіссөздерге жол берілмейді.

Ұйымда бір ұжымдық шарт жасалады.

Егер білім беру ұйымында бірнеше кәсіподақ ұйымдары болса, онда ұжымдық шартқа қызметкерлердің жазбаша өтініштері болған кезде жұмыскерлердің еңбек жағдайларын жақсартатын әлеуметтік әріптестік туралы Келісімнің ережелері енгізіледі.

1.9. Осы келісімнен туындайтын ережелер минималды болып табылады және оларды білім беру ұйымдарында ұжымдық шарттарды жасасқанда алып тастауға немесе азайтуға болмайды.

Келісім жұмыс берушілердің қызметкерлер үшін ұжымдық шарттарымен қабылданған міндеттемелері мен кепілдіктерін жоғарылату құқықтарын шектемейді.

1.10. Келісімнің қолданылу кезеңінде қабылданған және қызметкерлердің жағдайын жақсартатын нормативтік құқықтық актілер Келісімнің тиісті ережелеріне кеңейтеді және олар күшіне енген кезден бастап қолданылады.

1.11. Тараптар осы келісім мәтіні, оған қол қойылғаннан кейін 10 жұмыс күн ішінде білім беру ұйымдарының басшыларымен қызметкерлердің назарына жеткізілуі қажеттігі туралы келісті.

Кәсіподақ пен жұмыс берушілер басшылар мен қызметкерлерге еңбек қатынастарын реттейтін нормативтік құқықтық актілердің ережелерін, осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге, олардың орындалуына ықпал етуге міндеттенеді.

Тараптар жылына кемінде бір рет осы Келісім шарттарының орындалу нәтижелерін бұқаралық ақпарат құралдарында, жұмыс берушілер мен кәсіподақтың ресми сайттарында жариялауға келісті.

1.12. Осы келісімді жасау бойынша келіссөздер жүргізу, оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ оның жүзеге асуын бақылау, ағымдағы мәселелерді қарау мен туындайтын даулы жағдайларды шешу үшін, тең құқылы негізде әр тараптан үш адамнан, әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік – еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссия құрылады.

Білім басқармасының өкілдері басшының бұйрығымен, Жергілікті кәсіподақ өкілдері төрағаның өкімімен бекітіледі.

Егер тараптар туындаған дау бойынша өзара қолайлы шешімге келе алмаса, ондай дау еңбек дауын шешу үшін қолданыстағы заңда белгіленген тәртіппен шешілуі мүмкін.

Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік – еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі комиссияның құрамын Тараптар өздері анықтайды.

Комиссия туралы ереже, оның жұмыс тәртібі, комиссияның функциялары мен өкілеттіктері комиссияның бірінші отырысында қаулымен бекітіледі.

Комиссия өз отырыстарын қажетіне қарай өткізеді, бірақ күтізбелік жылда екі реттен жиі емес.

1.13. Осы келісім орындалмаған жағдайда мүдделі тұлғалар комиссия мен осы Келісімге қол қойған басшыларды жазбаша түрде хабарландырады, тараптар берілген ақпаратты талқылайды да тиісті шешім қабылдайды.

1.14. Келісім білім мекемелері, аудандық және қалалық білім бөлімдері, Білім басқармасы және сонымен қатар Кәсіподақ ұйымының қайта ұйымдастырылуы (бірігу, қосылу, бөліну, жіктелу, қайта құрылу) кезеңінде өз күшін сақтайды.

1.15. Осы келісімге кіретін қандай да бір білім беру ұйымдарының меншік иесі ауысқанда келісімнің күші 3 ай мерзімге сақталады. Меншік құқықтары ауысатын үш айлық мерзім ішінде Кәсіподақ пен меншіктің жаңа иесі осы келісімді қалдыру немесе жаңа келісім жасау туралы келіссөздер жүргізуді бастауға құқылы.

1.16. Білім мекемесі жойылған жағдайда Келісімнің күші осы ұйымның барлық қызметкерлерімен еңбек шарты тоқтатылғанға дейін сақталады.

1.17. Тараптар осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастамашы болған тараптар екінші тарапқа Келісім жасау рәсіміне сәйкес келіссөздер жүргізуді бастау туралы жазбаша хабарлама жібереді.

Тараптар қабылдаған Шартқа өзгерістер мен толықтырулар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамамен және қосымша келісіммен рәсімделеді.

1.18. Келісім күшінің жарамдылық мерзімі ішінде тараптардың ешқайсысының өзіне жүктелген міндеттемелерді орындаудан біржақты бас тартуға құқығы жоқ.

1.19. Осы келісім бойынша алынған міндеттемелерді қайта қарау білім беру ұйымдары қызметкерлерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайының төмендеуіне алып келмеуі тиіс.

1.20. Осы келісім оған тараптар қол қойған кезден бастап күшіне енеді.

1.21. Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес еңбек дауларын шешу жөніндегі келісу комиссияларын құру міндеттілігі туралы келісімге келеді. Комиссия құрамы тепе-теңдік негізінде әр тараптан сандық құрамы тең өкілдерден құрылады. Білім беру ұйымдары мен қызметкерлер арасында туындаған барлық санаттағы жеке еңбек даулары ҚР Еңбек кодексі мен Келісімде белгіленген тәртіппен дау тарапының өтініші бойынша келісу комиссиясы қарауы мүмкін.

Жеке еңбек дауларын шешу жөніндегі Келісу комиссиясы тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады және заңды тұлғар мәртебесіне ие әрбір білім беру ұйымдарында, сондай-ақ заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерінде құрылады және кәсіподақ комитеті мен ұйым әкімшілігі өкілдерінің тең санынан құрылады.

Сонымен қатар, жеке еңбек дауларын шешу жөніндегі Келісу комиссиясы әлеуметтік әріптестік тараптарының келісімдерімен Білім басқармасында және әкімшілік аумақтық бірліктер бойынша – аудан, қала, облыс деңгейінде құрылуы мүмкін. Олар тікелей білім беру ұйымдарында құрылған келісу комиссиялары сияқты сондай негізде құрылады және жұмыс істейді.

Барлық санаттағы жеке еңбек даулары білім беру ұйымдарында құрылған келісу комиссиясында, сондай-ақ аудандық, қалалық немесе облыстық деңгейде құрылған келісу комиссияларында да қаралуы мүмкін. Бұл ретте қызметкер келісім комиссиясының (білім беру ұйымының, аудандық(қалалық) не облыстық) деңгейін таңдау құқығын сақтайды.

Келісу комиссиясы мүшелерінің сандық құрамы туралы ереже, келісу комиссиясы мүшелерінің арасынан төраға мен хатшыны сайлау тәртібі, келісу комиссиясына өтініш беру тәртібі, келісу комиссиясы жұмысының тәртібі мен регламенті, келісу комиссиясының шешім қабылдау тәртібі және оның мазмұны, келісу комиссиясы мүшелерінің өкілеттік мерзімі, оның мүшелеріне кепілдіктер беру және келісу комиссиясының жұмысын ұйымдастыру жөніндегі өзге де мәселелер Келісімнің 1-қосымшасында айқындалған.

1.22. Тараптар жұмыс берушінің төмендегі актілері бастауыш кәсіподақ ұйымының кәсіподақ комитетінің дәлелді пікірін ескере отырып қабылданатыны туралы келісті:

- 1) Ішкі еңбек тәртібі ережесі;
- 2) оқу сабақтарының кестесі;
- 3) демалыс кестелері;
- 4) педагогтардың оқу жүктемесі;
- 5) еңбек қорғау бойынша нұсқаулық;
- 6) еңбек жағдайларының өзгертуі туралы бұйрықтар;
- 7) жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шарттарын бұзу туралы бұйрықтар;
- 8) штаттық кестенің қысқаруы мен өзгеруі туралы бұйрықтар;
- 9) көтермелеулер; қызметкер кінәсін мойындамаған жағдайда тәртіптік шаралар туралы бұйрықтар;
- 10) сыйақы беру, материалдық көмек туралы бұйрықтар;
- 11) айырықша жағдайларда қызметкердің келісімінсіз демалыс және мерекелік күндері жұмысқа тарту туралы бұйрықтар;
- 12) жұмыскерді жұмыстан шеттету бойынша бұйрықтары.
- 13) бос тұрып қалған жағдайда қызметкерлерді, сондай-ақ жүкті әйелдерді басқа жұмысқа уақытша аудару туралы бұйрықтар.

Егер қызметкердің өкілдері осы Кодексте белгіленген мерзімде шешім бермесе, жұмыс беруші пікірді ескермей акт қабылдауға құқылы.

1.23. Тараптар мекемеге (кәсіпорынға) қызмет көрсететін Кәсіптікодақ филиалы, Кәсіподақ атқару комитетімен келісе отырып жұмыс берушінің келесі актілері қабылданады деген келісімге келеді.

1) жұмысшылар саны немесе штаттың қысқаруы туралы, жұмыс күшінің жаппай бір мезетте бестен он адамға дейін босауы туралы актілер;

1.24. Ұйымның жойылуы мен он адамнан артық жұмыс күшінің бір мезетте жұмыстан босауы туралы актілер Жергілікті кәсіподақтың облыстық комитетімен келісіледі.

1.25. Кәсіподақ органының келісімінің болуы құжатқа кәсіподақ органы төрағасының қолын қою арқылы анықталады. Кәсіподақтың келісімі мен дәлелді пікірі осы Келісім тараптарының өзара келіскен тәртібі бойынша сұратылады және шығарылады (№2 қосымша).

1.26. Тараптар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтерді және білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттау кезінде комиссия құрамына:

- 1) Білім беру ұйымы – Жергілікті кәсіподақтың бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы
- 2) Аудандық (қалалық) білім бөлімі деңгейінде- Жергілікті кәсіподақтың аудан (қала) филиалының төрағасы
- 3) Білім басқармасы деңгейінде – Жергілікті кәсіподақ төрағасының орынбасары енеді деп келісілді.

1.27. Тараптар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының басшыларын және басшы орынбасарларын аттестаттау кезінде комиссия құрамына:

- 1) Аудандық (қалалық) білім бөлімі деңгейінде- Жергілікті кәсіподақтың аудан (қала) филиалының төрағасы
- 2) Білім басқармасы деңгейінде – Жергілікті кәсіподақ төрағасының орынбасары енеді деп келісілді.

1.28. Тараптар облыстық білім беру ұйымдарының басшылары үшін, аудандық және қалалық білім бөлімдерінің басшылары үшін жұмыс беруші болып табылатын білім бөлімінің келесі актілері жергілікті кәсіподақтың уәжді пікірін ескере отырып қабылдануы керек деп келісті:

- 1) жұмыс берушінің бастамасы бойынша басшымен еңбек шарттарын бұзу туралы бұйрықтар және басшыларға жазалар қолдану туралы бұйрықтар;

1.29. Тараптар мектепке дейінгі, орта білім беру, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру мемлекеттік ұйымның басшысы лауазымына тағайындау кезінде жергілікті кәсіподақтың өкілі білім беру бөлімінің комиссияларының құрамына кіреді деп келісті.

1.30. Кәсіподақ мүшесі болып табылмайтын білім беру ұйымының қызметкерлері Кәсіподақ ұсынатын жеңілдіктерге үміткер болуға құқылы емес.

1.31. Жергілікті кәсіподақтың пайдасына есептелген жалақыдан 1% ұстап қалу туралы өтініш қызметкердің дербес деректерін ашпайтындығына байланысты - өтініште ЖСН, жалақының мөлшері, сомалық мәнде (теңгемен) кәсіподақ жарналарының мөлшері, қызметкердің отбасылық жағдайы қозғамайды, банк картасының нөмірі көрсетілмейді, ауруды көрсетпейді, мұндай өтініш қол жетімділігі шектеулі ақпарат деп саналмасын.

1.32. Қосымша келісіммен қолданыстағы Келісімнің қолданылу мерзімін келесі үш жылға ұзартуға жол беріледі. Бұл ретте мерзімді ұзартуды бір реттен артық жүзеге асыруға болмайды.

2 тарау

Еңбек шарты

2.1. Еңбек шартының мазмұны, оны жасау, өзгерту және тоқтату тәртібі ҚР еңбек кодексіне, басқа заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерге, білім мекемелерінің Жарғыларына (ережелеріне) сәйкес айқындалады және де қолданыстағы еңбек заңнамасымен және осы Келісіммен салыстырғанда қызметкердің жағдайын нашарлатпауы тиіс.

2.2. Еңбек шарты жұмысшымен жазбаша түрде екі данада жасалып, оның әрқайсысына жұмыс беруші мен жұмысшы қол қояды. Еңбек шарты оларды есепке алу кітабында тіркеледі. Тараптардың қолы қойылып, мекеменің мөрімен расталған еңбек шартының бір данасы жұмысшының қолына беріледі. Еңбек шартының бір данасын табыс ету жағдайы жұмысшының еңбек шарттарын есепке алу кітабына қол қоюы арқылы нақтыланады.

Еңбек шарты жұмысқа қабылдау туралы бұйрық шығаруға негіз болып табылады.

Еңбек шартын жасасу, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған электрондық құжат түрінде жасалуы мүмкін.

2.3. Жұмыс сипаты тұрақты болып табылатын жұмыстарға еңбек шарты шектеусіз мерзімге немесе бір жылдан кем болмайтын мерзімге жасалуы мүмкін. Аталған ереже еңбек шарты қызметтерді біріктіріп (қоса) атқару шартымен жасалған қызметкерлерге таратылады.

Еңбек шартының мерзімі аяқталған тараптар оны шектеусіз мерзімге немесе бір жылдан кем болмайтын мерзімге созуға құқылы.

Еңбек шартының қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда, егер тараптардың бірде-бірі соңғы жұмыс күні (ауысым) ішінде еңбек қатынастарының тоқтатылғаны туралы жазбаша нысанда хабарламаса, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 51-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ол бұрын жасалған мерзімге ұзартылған болып есептеледі.

Белгілі мерзімге жасалған еңбек шартының мерзімін ұзарту екі реттен ауыспауы керек.

Еңбек қатынастары екі рет ұзартудан кейін жалғасқан жағдайда еңбек шарты шектеусіз мерзімге жасалған болып есептеледі.

Еңбек шарты бір жылдан кем мерзімге тек қандай да бір нақты жұмысты атқарған жағдайда, жұмыста уақытша жоқ қызметкерді алмастырғанда, маусымдық жұмыстарды атқарған мерзімге жасалады.

Жұмыс беруші мен зейнет жасына жеткен қызметкер арасында еңбек қатынастарын жалғастыру туралы өзара келісім болған жағдайда, жұмыс берушілер қолданыстағы еңбек шартына өзгертулер мен толықтырулар енгізу арқылы жыл сайын ұзартып және бұйрық шығарып отыруға құқылы. Осы жағдайда бұл еңбек шарты ҚР ЕК 52 б. 1 т. 24 т. т. сәйкес (зейнеткерлік жасқа жету) бұзу болып есептелмейді және өтемақы төлемі берілмейді. Жұмыс беруші ҚР ЕК 53 б. 9 т. сәйкес өтемақы төлемін еңбек шартын ҚР ЕК 52 б. 1 т., 24 т. т. сәйкес бұзған жағдайда ғана жүргізеді.

Сонымен қатар жұмыс беруші мен зейнет жасына жеткен қызметкер арасында еңбек қатынастарын жалғастыру туралы өзара келісім болған

жағдайда, жұмыс берушілер қолданыстағы еңбек шартын оқу жылы аяқталғаннан кейін бұзып, оны жыл сайын қайта жасауға құқылы. Бұл жағдайда еңбек шарты ҚР ЕК 52 б. 1 т 24 т.т. сәйкес (зейнеткерлік жасқа жету) бұзылды деп есептеледі де жұмыс беруші ҚР ЕК 53 б. 9 т. сәйкес, осы Келісіммен және (немесе) Ұжымдық шартпен белгіленген мөлшерде, өтемақы төлемін жүргізеді. Осы ретте зейнет жасына жеткен қызметкермен жасалған еңбек шартының біржылдық мерзімі аяқталғанда еңбек шарты мерзімнің аяқталуына орай бұзылады және өтемақы төлемі жүргізілмейді.

Зейнет жасына жеткен қызметкерлермен жасалған еңбек шарты жыл сайын ұзартылған жағдайда, еңбек шарты бір жылдық мерзімге жасалады да, аталған қызметкерге еңбек заңдылығымен көзделген барлық жеңілдіктер мен кепілдіктер, өтемақылар (жыл сайынғы ақылы еңбек демалыс, сауықтыру жәрдемақысы және т.б.) сақталуы тиіс.

2.4. Жұмыс қабылданған жағдайда төмендегі санаттағы қызметкерлерге сынақ мерзімі белгіленбейді.

-мүгедектер;

-жас мамандар;

- педагог-шебердің, педагог-зерттеуші біліктілік санаты бар педагогтар;

- маусымдық қызметкерлерге.

2.5. Егер сынақ мерзімі аяқталса және жұмыс беруші еңбек шартының бұзылуы туралы хабардар етпесе, онда жұмыскер сынақ мерзімінен өткен болып есептеледі.

2.6. Егер еңбек шартын тоқтату немесе бұзу күнінде Қызметкер жыл сайынғы ақылы еңбек демалысында немесе өзге де демалыста, немесе уақытша еңбекке жарамсыз болса, ол Қызметкермен еңбек шарты, ҚР ЕК 52 б. 1 т. 1), 18), 20) және 23) т.т. көзделген жағдайларды қоспағанда, жұмысқа шыққан алғашқы күні бұзылады.

2.7. Еңбек шартында ҚР ЕК 28 бабымен көзделген ерекше еңбек жағдайлары, оның ішінде оқу жүтемесінің көлемі, жұмыс уақытының режимі мен ұзақтылығы, еңбек ақының мөлшері, жеңілдіктер мен өтемақылар және өзгелер көрсетіледі.

Тараптар қашықтықтан жұмыс істейтін жұмыскерлер үшін еңбек шартындағы жұмыс уақытын есепке алуды бақылау ерекшеліктерін анықтауға келісті.

Еңбек шартында жағдайлар тек тараптардың келісімі бойынша және жазбаша түрде ғана, ҚР Еңбек кодексімен белгіленген тәртіппен өзгертілуі мүмкін.

Білім беру ұйымдарының басшылары жұмысшыларды және бастауыш кәсіподақ ұйымының кәсіподақ комитетін еңбек жағдайларының өзгеруі туралы, сол өзгерістер енгізілгенге дейін бір ай бұрын, жазбаша түрде ескертуге міндетті.

Мүгедек азаматпен жасалатын Еңбек шарты олардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып жабдықталған жұмыс орындарына қатысты шарттарды қамтуы тиіс.

2.8. Педагогтарға оқу жүктемесінің (педагогикалық жұмыстың) көлемі, оқу жоспары бойынша сағат санынан, оқу бағдарламаларынан, кадрлармен қамтылуынан, мекемедегі өзге де нақты жағдайларынан шыға отырып, кәсіподақ комитетінің пікірін ескере отырып белгіленеді.

Педагогикалық қызметкердің оқу жүктемесінің мөлшері еңбек шартында белгіленеді және өндірістік қажеттілікті қоспағанда, тараптармен қызметкердің жазбаша келісімі бойынша ғана өзгертілуі мүмкін.

Ұжымдық шарт оқу жылы аяқталғанға дейін аяқталатын оқу жүктемесін алдын ала бөлуді және жаңа оқу жылында сыныптарды, топтарды және оқу жүктемесін анықтау үшін қызметкерлердің демалысқа кетуін қарастыруы мүмкін. Жұмыс беруші педагогтарды кезекті демалысқа шыққанға дейін олардың жаңа оқу жылына алдын ала оқу жүктемесімен жазбаша түрде таныстыруы тиіс. Оқу жылының басталуымен нақты оқу жүктемесі білім беру ұйымының штаттық құрамындағы өзгерістер себебінен, білім алушылар контингентін жинақтау нәтижелеріне байланысты, оқу жоспарларының өзгеруіне байланысты алдын ала бөлінген жүктемемен сәйкес келмеуі мүмкін.

2.9. Осы мекеме негізгі жұмыс орны болып табылатын педагогтар үшін жаңа оқу жылындағы оқу жүктеме мөлшерімен сыныптарда, топтарда жүргізетін пәндердің көлемі және оқыту сабақтастығы сақталады. Оқу жылының басында педагогтерге белгіленген оқу жүктемесінің көлемі ағымдағы оқу жылында өндірістік қажеттілікті қоспағанда, сондай-ақ оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша сағат санының азаюы, сыныптар санының қысқаруы жағдайларын қоспағанда, оны келесі оқу жылына белгілеу кезінде, әкімшіліктің бастамасы бойынша азайтыла алмайды.

Оқу жоспарымен қарастырылған сағаттар санына сәйкес педагогтердің оқу жүктемесі бірінші және екінші жартыжылдықта әртүрлі болуы мүмкін.

Мұғалімдерге оқу жүктемесінің мөлшері заңдылықпен нормативті түрде белгіленген артық немесе кем болып белгіленуі тек олардың жазбаша келісімімен жүргізіледі.

2.10. Осы мекемеде жұмыс істеп оқытушылық қызметті негізгі жұмысынан тыс атқаратын тұлғалар, сондай-ақ өзге де білім мекемелерінің педагогтары үшін (білім басқармасы органдарының және оқу-әдістемелік кабинеттер, орталықтардың қызметкерлерін қосқанда) оқу сағаттары, осы білім мекемесі негізгі жұмыс орны болып табылатын мұғалімдерге еңбек ақы бір ставкасынан кем емес мөлшерде оқу жүктемесімен қамтылған жағдайда ғана беріледі.

Тараптар білім беру ұйымдарының басшы қызметкерлеріне (директорлар, меңгерушілер және олардың орынбасарлары), басқару

органның (Білім басқармасы, аудандық және қалалық білім бөлімдері) келісімі бойынша, жұмысты қоса атқару шартымен нормативтік жүктемесінің 50% мөлшерден аспайтын қосымша педагогикалық жұмыс берілуі мүмкін екендігі туралы келісті. Өндірістік қажеттілікке байланысты (оқу жоспарын іске асыру, педагогтың уақытша болмауы және басқа да жағдайлар) 50% астам жүктемеге жол берілуі мүмкін. Басшы қызметкерлерге аталған қосымша педагогикалық жүктеме педагогке осы білім мекемесі негізгі жұмыс орны болып табылатын еңбек ақы бір ставкадан кем емес мөлшерде оқу жүктемесімен қамтылған жағдайда ғана беріледі.

2.11. Бала күтіміне байланысты, үш жасқа толғанға дейінгі, демалыста отырған мұғалімдер үшін оқу жүктемесі жалпы ережелер бойынша белгіленеді және осы кезеңге жүктемені орындау өзге мұғалімдерге беріледі.

2.12. Жұмыс емес мереке және демалыс күндеріне оқу жүктемесі жоспарланбайды.

2.13. Мұғалімнің еңбек шартында немесе басшы бұйрығында келісілген оқу жүктемесінің оқу жылы ішінде артуы немесе кемуі тек қана:

а) тараптардың өзара келісімі бойынша;

б) жұмыс берушінің бастамасы бойынша келесі жағдайларда:

- оқу жоспарлары мен бағдарламалар бойынша оқу сағаттары азайғанда, сыныптар, топтар саны қысқарғанда;

- өндірістік қажеттілікке байланысты уақытша жұмыста жоқ қызметкерлерді алмастыру үшін оқу жүктемесі уақытша артқанда (мұндай жағдайда жұмысшының келісімінсіз арттырылған оқу жүктемесімен жұмыс істеу ұзақтылығы күнтізбелік жыл бойында бір айдан аспауы тиіс);

- бос тұрып қалу, қызметкерлерге олардың мамандығы мен біліктілігін есепке ала отырып, бос тұрып қалу кезеңінде сол ұйымдағы басқа жұмыс тапсырылған жағдайда немесе басқа ұйымда, бірақ сол ауданда бір айға дейінгі мерзімге бос тұрып қалған жағдайда (ауа райының жағдайына, карантинге және басқа жағдайларға байланысты сабақтарды тоқтату);

- еңбек дауын қарайтын органмен бұрын соңды осы оқу жүктемесін орындаған мұғалім жұмысқа қайта орналасқанда;

- бала күтіміне байланысты демалыста отырған әйелдің, ерлердің демалысын мерзімінен бұрын үзіп немесе осы демалыс аяқталғаннан кейін жұмысқа оралғанда жүргізіледі.

2.14. Жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартын елеулі өзгертуге, ережеге сай, тек жаңа оқу жылына еңбек жағдайларының ұйымдық немесе технологиялық өзгеруімен (сынып комплектілерінің, топтардың немесе оқитындар (тәрбиеленушілер) санының өзгеруі, оқу жоспарлары бойынша оқу сағаттарының өзгеруі, тәжірибе жүргізуі, мекеме жұмысының ауысымдылығының өзгеруі, сондай-ақ білім бағдарламаларының өзгеруі және т.б.) байланысты, бірақ қызметкер жұмысының еңбек функциясы өзгерместен

жалғасқан жағдайда (белгілі бір мамандық, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмыс) жол беріледі.

Қалалық, ауылдық білім беру ұйымдарында, шағын жинақты мектептерде «Көркем еңбек» пәні бойынша сабақ өткізген кезде оқушылардың санына қарамастан сыныпты топтарға бөлуге рұқсат етіледі, тек келесі пәндерден басқа:

- 1) қазақ тілі мен әдебиеті – қазақ тілінде оқытылмайтын сыныптарда;
- 2) орыс тілі мен әдебиеті – орыс тілінде оқытылмайтын сыныптарда;
- 3) шетел тілі;
- 4) информатика;
- 5) дене тәрбиесі.

Оқу жылы ішінде еңбек шартын елеулі өзгертуге тек ерекше, яғни тараптардың қалауынан тыс жағдайларда ғана жол беріледі.

Жұмыс беруші Еңбек шарттарына елеулі өзгерістердің енгізілетіні туралы қызметкерді бір айдан кешіктірмей жазбаша түрде хабарландыру керек, егер еңбек жағдайларын жедел өзгертуді талап ететін басқа нормативтік-құқықтық актілер болмаса.

Егер қызметкер жаңа жағдайда ұсынылған жұмыспен келіспесе жұмыс беруші мекемеде оның біліктілігіне және денсаулық жағдайына сәйкес өзге жұмысты жазбаша түрде ұсынуға, ал ондай жұмыс болмаған жағдайда, қызметкердің өз біліктілігі мен денсаулық жағдайына байланысты атқара алатын – бос тұрған төменгі лауазым немесе төмен ақылы жұмысты ұсынуға міндетті.

2.15. Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы жұмысшымен еңбек шартын жасағанда оны осы Келісіммен жазбаша түрде таныстыруға міндетті.

2.16. Жұмысшымен еңбек шартын тоқтату тек ҚР Еңбек Кодексімен және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен көзделген негіздер бойынша жүргізіледі. Еңбек шарты жұмыс берушінің бастамасымен ҚР ЕК 52 б. көзделген кез-келген негіз бойынша бұзылғанда, 1), 12), 21), 20) және 23) тармақшалармен көзделген жағдайлардан басқа, Жұмыс беруші бастауыш кәсіподақ комитетінің алдын-ала дәлелді пікірін алуға міндетті.

2.17. Мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындардың басшылары жұмысқа қабылдау барысында ҚР еңбек кодексін, ҚР «Білім туралы» Заңын, ҚР «Педагог мәртебесі туралы» заңын, кәсіби стандарттарын, Үлгілік біліктілік сипаттарын басшылыққа алады.

Бұл ретте ҚР Конституциясының 77 бабы 3 тармағының 5 тармақшасымен және Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V «Құқықтық актілер туралы» Заңының 43 бабымен көзделген жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттемелер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататындай заңдардың кері күші болмайды, егер қызметкер жұмысқа, олардың жағдайын

нашарлататындай жаңа талаптар белгілейтін нормативтік құқықтық актілер қолданысқа енгенге немесе қолданыстағы актілерге өзгертулер енгізілгенге дейін қабылданса, сондай-ақ, қабылданған мезгілде қызметкер қойылған талаптарға сай болмаса, мұндай қызметкер бастапқы қабылдаған лауазым бойынша өзінің педагогикалық қызметін жалғастыруға толық құқығы бар.

2.18. Егер мекемеде қызметкерлер туралы жеке мәліметтерді сақтау тәртібін белгілейтін бұйрықтар шығарылмаған болса білім беру ұйымдарының басшылары аталған бұйрықтарды шығару туралы міндеттемені өзі қабылдайды.

Жұмыс берушілер Қазақстан Республикасының «Жеке мәліметтер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес қызметкерлердің жеке мәліметтерін жинауды, өңдеу мен қорғауды қамтамасыз етуге және төмендегі талаптарды сақтауға міндеттенеді:

1) Қызметкердің жеке мәліметтерін, оның жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа хабарламау;

2) Қызметкердің жеке мәліметтерімен танысуға тек арнайы өкілетті тұлғаларға ғана рұқсат беру. Бұл ретте аталған тұлғалар қызметкердің тек нақты функцияларды орнатуға қажетті мәліметтерін ғана алу құқығына ие болуы тиіс және конфиденциалдық шартты сақтауға міндетті;

3) Қызметкердің мекеме аясындағы жеке мәліметтерін беру жұмыс берушінің актісіне сәйкес, онымен жұмысшыны таныстыра отырып, жүргізіледі.

4) Жұмыс беруші ҚРЕК 28-бабының 1- тармағының 1), 2), 3), 4), 5) және 13) тармақшаларында көзделген мәліметтерді қамтитын қызметкер мен еңбек шартын жасасу және тоқтату, оған енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне енгізуге міндетті.

2.19. Мұғалім кәсіби қызметін жүзеге асыру кезінде :

- оны Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кәсіби міндеттерімен байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға;
- одан Қазақстан Республикасының білім саласындағы заңнамасында көзделмеген есептер немесе ақпараттар сұрауға;
- Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген тексерулер жүргізуге;
- оған тауарлар мен қызметтерді сатып алу міндеттемесін жүктеуге жол берілмейді.

Кәсіби қызметті іске асыруда орта білім ұйымдарының педагогтарына үкіметтік емес ұйымдардың іс-шараларын өткізуге жол берілмейді.

Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтары үшін жүргізуге міндетті құжаттар тізбесі осы Келісімдегі №3 қосымшада анықталған.

Сабаққа қатысу білім беру ұйымының басшысы бекіткен, алдын ала жасалған және міндетті түрде ашық қолжетімділікте орналастырылған кесте бойынша жүзеге асырылады. Жоспарланбаған сабаққа тек педагогке оның кәсіби өсуі мен дамуы үшін нақты әдістемелік көмек көрсету мақсатында ғана қатысуға жол беріледі.

Сабаққа барудың қорытындысын шығармай, педагогті талдамалық анықтамамен таныстырусыз сабаққа қатысу заңсыз деп танылады.

2.20. Тараптар жұмыстан шығарылған күнді жұмыс күні деп санауға келісті.

2.21. Жұмысты жалғастыруды болдырмайтын немесе едәуір қиындататын мән-жайлар болған кезде қызметкер: денсаулық жағдайы; сайланбалы лауазымға сайлауну; басқа жерге көшу; науқас (мүгедек) туыстарына күтім жасау; 14 жасқа дейінгі балаларға күтім жасау; егер қызметкер толық емес ставкада жұмыс істесе, басқа жұмыс берушіде толық ставкаға жұмысқа орналасу немесе жоғары деңгейдегі еңбекақы төлемі; ерлі-зайыптылардың біреуін (әскери қызметшіні) жаңа әскери қызмет орнына ауыстыру; білім алу күндізгі нысаны бойынша білім беру мекемесіне қабылдануы; ерлі-зайыптылардың бірі ұзақ іссапарға жіберілген кезде (бір жылға және одан да көп) еңбек шартын бұзуға кемінде 10 күн бұрын өтініш беруге құқығы бар.

2.22. Егер аттестаттаудың алдындағы үш жыл ішінде жұмыс беруші жоспардан тыс біліктілігін арттырудан немесе қайта даярлаудан өтпеген болса, педагогті атқаратын лауазымына сәйкестігін аттестаттау нәтижелері бойынша жұмыстан шығаруға жол берілмейді.

2.23. ПББ тапсырмаған жұмыскермен еңбек шартын бұзуға жол берілмейді.

2.24. Зейнеткерлікке шыққанға дейін бір жыл қалған басшыларды ротациялауға болмайды.

Білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялау тек білім беру ұйымдары арасында қызмет түрлері мен типтері бойынша жүргізіледі.

Бірінші басшыларды ротациялау кезінде ротацияланушының қолда бар біліктілік санаты оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін сақталады.

2.25. Жұмыс беруші қызметкерді жұмысқа (еңбек функциясына) тікелей қатысы бар өз актілерімен таныстыруға міндетті.

Қызметкердің еңбек қызметіне қатысты бұйрықтар қызметкерде сақталамайды, (еңбек шартын қоспағанда), қызметкер олармен тек қол қою арқылы танысады. Қол қоюдан бас тартқан кезде тиісті акт жасалады және мұндай бұйрық қызметкерге пошта арқылы жіберіледі.

Бұл ретте қызметкер жұмыс берушінің еңбек қызметіне байланысты актісінің көшірмесін алуға құқылы.

2.26. Жұмыс беруші жергілікті сипаттағы бұйрықтар мен басқа да нормативтік актілерді әзірлеу кезінде Келісімнің (Ұжымдық шарттың) ережелерін, сондай-ақ еңбекақы төлеу шарттарын, жұмыс уақыты мен демалыс уақытын белгілеу, еңбекті қорғау, біліктілікті арттыру және қайта даярлау, әлеуметтік саланы дамыту мәселелері жөніндегі іс-шараларды ескеруге міндетті.

2.27. Азаматтық қызметші (оның ішінде басшы) өзінің жазбаша өтініші бойынша тиісті ұйымдардың басшылары арасындағы келісім бойынша басқа мемлекеттік мекемеге, қазыналық кәсіпорынға жұмысқа ауыстырылуы мүмкін.

